


**Сабақ тақырыбы:
Үй төлемінің түбіртегін
толтыру. Отбасы
туралы нақыл сөздер.
Біріккен сөз, қос сөз.**



Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім - жақындарына, туған - туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.

Н.Ә.Назарбаев

Біріккен сөздер.

Екі немесе одан да көп түбірден бірігіп, тұтас бір ұғымды білдіретін күрделі сөзді біріккен сөз дейміз. Біріккен сөздер әрқашан бірге жазылады.

Түбір сөз

Алты бақан

Ақ сүйек

Ала бұғы

Біріккен сөз

алтыбақан

ақсүйек

алабұғы




№	Біріккен сөздің атаулары	Мысалдар
1	Кісі аттары	Орынбасар, Мұхаметжан, Ерасыл.
2	Жан -жануар, құс, өсімдік аттары	Жолбарыс, саңырауқұлақ, аққу
3	Жер -су аттары	Қызылорда, Алакөл, Әулиеата
4	Дене мүшелерінің аттары	Асқазан, тоқішек
5	Ойын аттары	Алтыбақан, ақсүйек
6	Ән-күй аттары	Сарыжайлау, Сегізаяқ
7	Ауру аттары	Алаөкпе, қылтамақ
8	Мезгіл атаулары	Биыл, бүгін
9	Белгісіздік, болымсыздық атаулары	ешкім, әлдекім



Қос сөз – қосарлану немесе қайталану арқылы бір ұғым ретінде жасалған сөздер.

Жасалу тәсіліне қарай қос сөз



Қосарлама қос сөз өзара мәндес немесе қайшы мәндес сөздердің қосарлануынан жасалады. Мысалы, ата-ана, салт-сана, құрт-құмырсқа, ер-тоқым (мәндес қос сөз); күні-түні, азды-көпті, үлкенді-кішілі, ертелі-кеш (қайшы мәндес қос сөз). Қос сөз дефис арқылы жазылады.

Бекіту:

1. Қос сөз дегеніміз не?
2. Қос сөздер нешеге бөлінеді?
3. Қандай сөздерді қосарлама қос сөздер дейміз?
4. Қандай сөздерді қайталама қос сөздер дейміз?
5. Қос сөздердің екі түрі де қалай жазылады?
6. Қос сөздерге қосымша қалай жалғанады?

- ▣ **Тапсыра.** Біріккен сөз, қос сөздерді пайдалана отырып , отбасымен болған қызықты оқиғаны жазыңыздар